

80 жылдыққа – 80 сурет!**Жансая ОМАРБЕКОВА**

Бейнелеу өнері мұражайында Қарағанды қаласының мерейтойына арналған сурет көрмесі ашылды. Мұражай қорынан 80 сурет ілініпті. Көрмедегі кескіндеме, графика және мүсіндер, портрет пен пейзаж қаланың тарихынан сыр шертеді.

«Қарағанды тұлғалары және бейнелеу өнері» аталған көрмедегі ең ескі деген сурет 1949 жылғы. Ескі қаланың құрылысы, Ұлы Отан соғысы жылдары, одан кейінгі еңбек уақыты, адамзаттың ғарышқа самғауы, Тәуелсіздік жылдары жайлы туындылар бірыңғай ретпен орналастырылыпты. Г.Гилевскийдің, Ю.Шабаниннің, М.Әбілқасовтың, Ә.Ысмайыловтың сұрғылт тартқан пейзаждары өткен ғасырдың 30 жылдарынан сыр шертсе, соғыс жылдарында ерлік һәм батырлық тақырыптары М.Аманбаевтың «Шексіздік», Р.Есіркеевтің Социалистік Еңбек Ері «Б.Нұрмағамбетовтың портреті» шығармаларында көрініс тапқан. Қарағандының дамуы, даңғылдар мен көшелердің пайда болуы, бүгінгі ғимараттары, ескерткіштері мен мүсіндері П.Андреюк, П.Антоненко, Н.Растопчиннің еңбектеріне арқау болды. Олар салған пейзаждарда қаланың қарапайым көрінісі бейнеленсе де, бүгінгі кезбен салыстырсақ, біз үшін олар тарих саналады. Кеншілер, жұмыскерлер, шопандар, дәрігерлер мен қарапайым адамдардың кескін-келбеті заманның бет-бейнесін көрсететінін айтады ұйымдастырушылар.

Аталмыш шараға суретшілер, өнер зерттеушілері қатысып, жиналғандарға қала тарихынан әңгімелеп берді. Аймақтық ғылыми зерттеу институтының директоры Ә.Әлімбаев, өнертанушы Л.Золотарева, **ҚарМТУ** профессоры, архитектор С.Лебедев, ҚарМУ-дің археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының доценті, «Тарихи тұлғатану» зертханасының меңгерушісі Н.Бейсенбекова естеліктерімен бөлісті, жастарға ақ тілектерін арнады.

№1 өнер мектебінің оқушылары, кеншілер хоры шараның шырайын кіргізіп, ән шырқады, күй тартылды күмбірлеп. Қаланың мерейтойына арналған көрме көктемге дейін жалғасын табады.